



«ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

«Дене шынықтыру мұғалімінің жаңа деңгейі: метақұзыреттіліктер және сапалы білім»

**біліктілікті арттыру курсының
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ**

ЖОБАСЫ

Жалпы сағаты: 80

Тыңдаушылар санаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері

Оның ішінде білім беру нысандары бойынша:

- Дәрістер: 26
- Практикалық жаттығулар: 18
- Өздік жұмыс: 26
- Курстан кейінгі қолдау: 5

Аттестаттау формасы:

- Өздік жұмысын қорғау: 5

**Павлодар
2026**

Білім беру бағдарламасы әзірлемесінің негізіндемесі:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу— ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 [бұйрығы](#) (2025 жылғы 2 мамырдағы өзгерістермен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 бұйрығы.

I. Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсына арналған «Дене шынықтыру мұғалімінің жаңа деңгейі: метақұзыреттіліктер және сапалы білім» білім беру бағдарламасы педагогика және психология ғылымдарының докторанты, Торайғыров университеті Дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы Қабылбек Айбек Болатбекұлы тарапынан әзірленді.

Өзектілігі

Бағдарлама мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру мұғалімдеріне арналған. Бағдарлама тыңдаушылардың метақұзыреттіліктерін дамыту арқылы білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Қазіргі білім беру жүйесінде дене шынықтыру сабағы тек қимыл-қозғалысқа үйретумен шектелмеуі тиіс. Бүгінгі күні оқушының тек физикалық дамуы ғана емес, оның ойлау қабілеті, өзін-өзі басқаруы, талдау жасау дағдылары да маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, метақұзыреттіліктер – білім сапасын арттырудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады.

Метақұзыреттіліктер оқушының өз әрекетін түсінуіне, оны талдауына және жетілдіруіне мүмкіндік береді. Яғни оқушы тек жаттығуды орындап қана қоймай, «неге бұлай істедім?», «қалай жақсартамын?» деген сұрақтарға жауап іздей бастайды. Бұл өз кезегінде дене шынықтыру сабағын мазмұнды әрі саналы деңгейге көтереді.

Қазіргі оқу бағдарламалары да білім алушының функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын, өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Алайда тәжірибе көрсетіп отырғандай, көптеген дене шынықтыру мұғалімдері метақұзыреттіліктерді дамытуға бағытталған әдістерді жүйелі түрде қолдануда жеткілікті деңгейде дайындықтан өтпеген. Осыған байланысты әдістемелік қолдау мен біліктілікті арттыру курстарының қажеттілігі туындайды.

Бағдарлама педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, заманауи әдіс-тәсілдерді меңгеруіне, сабақ барысында рефлексия, өзін-өзі бағалау, талдау элементтерін енгізуіне және білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Бағдарлама төмендегі негізгі ережелер мен нормативтік құжаттарды ескере отырып әзірленді:

— Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 ж. №98 бұйрығы);

— «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (03.15.2025 ж. жағдай бойынша);

— «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (30.12.2024 ж. өзгерістермен);

— Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгілік қағидалар; № 29329 тіркелген (01.01.2025)

— Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (01.09.2023 ж. жаңартылған) білім алушылардың үлгерімін бағалау қағидалары.

II. Глоссарий

Метақұзыреттілік – педагогтің өз кәсіби қызметін талдау, жоспарлау, жетілдіру және жаңа педагогикалық жағдайларға бейімделу қабілетін сипаттайтын кешенді құзыреттер жиынтығы.

Білім беру сапасы – білім алушылардың оқу нәтижелерінің деңгейімен, оқу процесінің тиімді ұйымдастырылуымен және педагогтің кәсіби қызметінің нәтижелілігімен сипатталатын білім беру жүйесінің маңызды көрсеткіші.

Педагогикалық рефлексия – педагогтің өз кәсіби әрекеттерін талдау, олардың тиімділігін бағалау және келесі оқу әрекеттерін жетілдіру мақсатында қорытынды жасау қабілеті.

Кәсіби құзыреттілік – педагогтің кәсіби қызметті сапалы жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және тәжірибелік әрекеттер жиынтығы.

Цифрлық білім беру ресурстары – білім беру процесінде қолданылатын электрондық платформалар, мультимедиялық материалдар, онлайн-құралдар және ақпараттық технологиялар негізіндегі оқу материалдары.

Педагогикалық технология – оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған әдістер, тәсілдер және құралдардың жүйелі жиынтығы.

Дене шынықтыру сабағы – білім алушылардың дене дайындығын дамытуға, қозғалыс белсенділігін арттыруға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған ұйымдастырылған педагогикалық процесс.

Инновациялық оқыту әдістері – білім беру процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған жаңа педагогикалық тәсілдер, интерактивті технологиялар және заманауи оқыту құралдары.

Өзіндік жұмыс – тыңдаушылардың оқу материалын терең меңгеруге бағытталған, оқытушының жетекшілігімен немесе өз бетінше орындалатын оқу әрекеті.

Педагогикалық мониторинг – білім беру процесінің нәтижелерін жүйелі түрде бақылау, талдау және бағалау арқылы оның тиімділігін анықтау процесі.

Кәсіби портфолио – педагогтің кәсіби жетістіктерін, тәжірибесін, оқу-әдістемелік материалдарын және шығармашылық жұмыстарын жинақтайтын құжаттар жиынтығы.

III. Бағдарламаның тақырыптық мазмұны

1 Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби қызметіндегі метақұзыреттіліктердің мәні мен рөлі

2 Метақұзыреттіліктер және білім беру сапасы: өзара байланысы

3 Дене шынықтыру сабағында оқушының ойлау дағдыларын дамыту

4 Рефлексияны ұйымдастыру: сабақтағы тиімді әдістер

5 Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастыру

6 Сыни ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесі

7 Дене шынықтыру сабағында коммуникативтік дағдыларды дамыту

8 Цифрлық құралдарды қолдану арқылы метақұзыреттіліктерді қалыптастыру

IV. Бағдарламаны іске асырудың мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты

Бағдарламаның мақсаты – дене шынықтыру мұғалімдерінің метақұзыреттіліктерін дамыту арқылы олардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыру және білім беру үдерісінің сапасын жетілдіру.

Бұл мақсат теориялық біліммен шектелмейді. Бағдарлама аясында мұғалімнің өз сабағын талдай білуі, оқыту әдістерін жаңартуы, цифрлық құралдарды тиімді қолдануы және оқушылардың белсенділігін арттыруы сияқты нақты кәсіби өзгерістерге қол жеткізу көзделеді.

Міндеттері

Бағдарламаны іске асыру барысында келесі міндеттер шешіледі:

1 дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі метақұзыреттіліктердің мазмұнын түсіндіру;

2 білім беру үдерісінде метақұзыреттіліктерді дамытудың педагогикалық мүмкіндіктерін көрсету;

3 сабақ құрылымын тиімді жоспарлау және талдау дағдыларын қалыптастыру;

4 заманауи оқыту технологияларын қолдану біліктерін жетілдіру;

5 педагогикалық рефлексия жүргізу дағдыларын дамыту;

6 цифрлық білім беру құралдарын қолдану тәжірибесін қалыптастыру;
7 білім сапасын арттыруға бағытталған инновациялық әдістерді тәжірибеге енгізу.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар:

1 метақұзыреттіліктердің мәнін және олардың кәсіби қызметтегі рөлін түсінеді;

2 дене шынықтыру сабақтарын заманауи талаптарға сәйкес жоспарлай алады;

3 оқыту үдерісінде тиімді педагогикалық технологияларды қолданады;

4 өз кәсіби қызметіне рефлексивтік талдау жүргізе алады;

5 цифрлық білім беру ресурстарын сабақ барысында тиімді пайдаланады;

6 білім беру сапасын арттыруға бағытталған әдістерді тәжірибеде қолданады;

7 оқушылардың оқу мотивациясын арттырудың тиімді тәсілдерін меңгереді.

V. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

	Тақырып	Офлайн (сағ)	Онлайн (сағ)	СӨЖ (сағ)	Барлығы
1	Қазіргі білім беру жағдайындағы дене шынықтыру пәнінің мазмұны мен міндеттері	3	3	4	10
	Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі және метақұзыреттіліктерінің құрылымы	3	3	4	10
2	Метақұзыреттіліктерді дамытудың педагогикалық негіздері	4	2	4	10
	Педагогикалық кәсіби қызметті талдау	4	1	4	9
3	Дене шынықтыру сабағын тиімді жоспарлау әдістемесі	2	1	4	7

	Сабақ сапасын арттырудың заманауи педагогикалық тәсілдері	2	1	4	7
4	Сараланған оқыту әдістерін қолдану ерекшеліктері	2	1	4	7
5	Сабақ нәтижелерін бағалау және кері байланыс ұйымдастыру	3	3	4	10
.6	Қортынды сабақта «Денешынықтыру сабақтарында қауіпсіздік талаптарын сақтау» тақырыбына презентация (таныстырылым) әзірлеу, қорғау	3	3	4	10
	Барлығы	26	18	36	80

VI. Білім беру процесін ұйымдастыру

1-апта. Метақұзыреттіліктердің теориялық негіздері (20)

1-тақырып. Метақұзыреттіліктердің мәні мен мазмұны – 10 сағ.

2-тақырып. Дене шынықтыру пәніндегі метақұзыреттіліктердің рөлі – 10 сағ.

Мақсаты: метақұзыреттіліктердің негізгі ұғымдарын меңгеру және олардың дене шынықтыру сабағындағы маңызын түсіну.

2-апта. Сабақтағы ойлау және рефлексия дағдылары (19)

3-тақырып. Рефлексияны ұйымдастыру әдістері – 10 сағ.

4-тақырып. Сыни ойлауды дамыту тәсілдері – 9 сағ.

Мақсаты: оқушылардың ойлау, талдау және өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту әдістерін меңгеру.

3-апта. Метақұзыреттілікке бағытталған сабақ құрылымы (14)

5-тақырып. Дене шынықтыру сабағын тиімді жоспарлау – 7 сағ.

6-тақырып. Сабақтағы кері байланыс пен талдау – 7 сағ.

Мақсаты: метақұзыреттілікке бағытталған сабақ құрылымын жоспарлау және талдау дағдыларын қалыптастыру.

4-апта. Цифрлық құралдар және оқыту технологиялары (7)

7-тақырып. Цифрлық құралдарды қолдану – 4 сағ.

8-тақырып. Заманауи педагогикалық технологиялар – 3 сағ.

Мақсаты: цифрлық құралдар мен заманауи әдістерді сабақ барысында тиімді қолдану.

5-апта. Практикалық қолдану және кәсіби даму (10)

9-тақырып. Мұғалімнің кәсіби рефлексиясы – 5 сағ.

10-тақырып. Инновациялық әдістерді тәжірибеге енгізу – 5 сағ.

Мақсаты: алынған білімді практикада қолдану және мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіру.

Қортынды сабақ

Портфолионы қорғау 10 сағат

VII. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Курс тыңдаушыларына арналған «Дене шынықтыру мұғалімінің жаңа деңгейі: метақұзыреттіліктер және сапалы білім» бағдарламасы теориялық, практикалық және әдістемелік материалдар кешенімен қамтамасыз етіледі.

1. Теориялық материалдар

– Метақұзыреттіліктердің мәні, құрылымы және түрлері бойынша дәрістік материалдар;

– Дене шынықтыру пәніндегі метақұзыреттіліктерді дамытуға қатысты ғылыми-әдістемелік негіздер;

– Білім беру сапасын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық тұжырымдамалар.

Бұл материалдар мұғалімдердің теориялық түсінігін қалыптастыруға және кәсіби ойлауын дамытуға бағытталған.

2. Әдістемелік нұсқаулықтар

– Дене шынықтыру сабақтарын метақұзыреттілікке бағыттап жоспарлау үлгілері;

– Рефлексия, өзін-өзі бағалау және кері байланыс ұйымдастыру әдістері;

– Оқушылардың сыни ойлауын дамытуға арналған тапсырмалар жүйесі.

Әдістемелік материалдар мұғалімдердің күнделікті сабағында қолдануға арналған нақты ұсыныстардан тұрады.

3. Практикалық тапсырмалар жүйесі

– Сабақтағы жағдаяттарды талдау (кейс-тапсырмалар);

– Метақұзыреттілікке бағытталған жаттығулар құрастыру;

– Оқушылардың әрекетін бақылау және талдау тапсырмалары.

Практикалық тапсырмалар тыңдаушылардың алған білімін тәжірибеде қолдануына бағытталған.

4.Өзіндік жұмысқа арналған материалдар

- Өз сабағын талдауға арналған чек-парақтар;
- Рефлексия жүргізу үлгілері;
- Сабақ жоспарын әзірлеуге арналған шаблондар.

Бұл материалдар мұғалімнің кәсіби дамуын үздіксіз жетілдіруге бағытталған.

5. Бағалау және кері байланыс құралдары

- Қалыптастырушы бағалау әдістері;
- Өзін-өзі және өзара бағалау құралдары;
- Оқу нәтижелерін талдау тәсілдері.

Бағалау құралдары білім беру сапасын анықтауға және оқыту процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бағалау түрі	Қолдану тәсілі	Құралдары	Нәтижесі
Қалыптастырушы бағалау	Сабақ барысында оқушылардың орындау әрекетін бақылау, ауызша кері байланыс беру	Бақылау, қысқа сұрақтар, дескрипторлар	Оқушының ағымдағы деңгейі анықталады, қателер дер кезінде түзетіледі
Өзін-өзі бағалау	Оқушы өз жұмысын бағалау критерийлері арқылы талдайды	Бағалау парағы, чек-лист	Оқушы өз деңгейін түсінеді, жауапкершілігі артады
Өзара бағалау	Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды	Жұптық/топтық бағалау парақтары	Коммуникация дамиды, талдау дағдысы қалыптасады
Кері байланыс	Сабақ соңында оқушылардан пікір жинау	«1 минуттық рефлексия», сұрақ-жауап, Google Forms	Сабақтың тиімділігі анықталады, келесі сабаққа түзету енгізіледі
Оқу нәтижелерін талдау	Мұғалім сабақ нәтижесін жүйелі түрде талдайды	Диаграмма, салыстырмалы талдау, бақылау нәтижелері	Оқыту сапасы бағаланады, оқыту әдістері жетілдіріледі

Курстың қысқаша мазмұны

Курс дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби қызметін жаңғыртуға және білім беру сапасын арттыруға бағытталған. Бағдарлама аясында метақұзыреттіліктердің мәні, олардың құрылымы және дене шынықтыру сабағындағы рөлі қарастырылады.

Курс барысында мұғалімдер оқушылардың ойлау, талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталған әдістермен танысады. Сабақты жоспарлау, рефлексия ұйымдастыру, кері байланыс беру және оқыту нәтижелерін талдау тәсілдері тәжірибелік тұрғыда меңгеріледі.

Бағдарламада заманауи педагогикалық технологиялар мен цифрлық құралдарды қолдану мүмкіндіктері көрсетіледі. Мұғалімдер өз тәжірибесін талдауға, сабақ құрылымын жетілдіруге және метақұзыреттілікке бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыруға үйренеді.

Курс нәтижесінде тыңдаушылар алған білімдерін практикалық қызметінде қолдануға, оқушылардың оқу белсенділігін арттыруға және сабақтың тиімділігін жүйелі түрде жақсартуға бағыт алады.

Лекция жоспары

Тақырып 1: Метақұзыреттіліктердің теориялық негіздері

- 1 Метақұзыреттіліктердің түсінігі және құрылымы.
- 2 Метақұзыреттіліктердің түрлері (рефлексия, сыни ойлау, өзін-өзі реттеу).
- 3 Қазіргі білім беру жүйесіндегі метақұзыреттіліктердің орны.

Тақырып 2: Метақұзыреттіліктер және білім беру сапасы

- 1 Білім беру сапасының негізгі көрсеткіштері.
- 2 Метақұзыреттіліктердің оқу нәтижесіне әсері.
- 3 Дене шынықтыру сабағында сапалы білім қалыптастыру жолдары.

Тақырып 3: Метақұзыреттіліктерді дамыту әдістемесі

- 1 Метақұзыреттіліктерді дамыту мақсаттары мен міндеттері.
- 2 Сабақта қолданылатын әдістер мен тәсілдер.
- 3 Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары.

Тақырып 4: Дене шынықтыру сабағында қолдану ерекшеліктері

- 1 Сабақ құрылымындағы метақұзыреттіліктердің орны.
- 2 Оқушылардың әрекетін талдау және кері байланыс беру.
- 3 Коммуникация және топтық жұмыс ұйымдастыру.

Тақырып 5: Практикалық қолдану және бағалау тәсілдері

- 1 Бағалау критерийлері және қалыптастырушы бағалау.
- 2 Өзін-өзі және өзара бағалау әдістері.
- 3 Мұғалімнің кәсіби дамуы және рефлексия жүргізу жолдары.

Өзін-өзі зерделеуге арналған практикалық тапсырмалар

Тақырып 1: Метақұзыреттіліктердің теориялық негіздері

Тапсырмалар:

Метақұзыреттілік ұғымына өз түсінігіңізді беріп, оны дәстүрлі оқыту тәсілдерімен салыстырыңыз.

Метақұзыреттіліктердің кемінде үш түрін сипаттап, әрқайсысына дене шынықтыру сабағынан мысал келтіріңіз.

Тақырып 2: Метақұзыреттіліктер және білім беру сапасы

Тапсырмалар:

Дене шынықтыру сабағынан бір мысал келтіріп, ондағы білім сапасын анықтайтын факторларды талдаңыз.

Метақұзыреттіліктердің оқушы нәтижесіне қалай әсер ететінін түсіндіріңіз.

Тақырып 3: Метақұзыреттіліктерді дамыту әдістемесі

Тапсырмалар:

Сабакқа метақұзыреттілікке бағытталған тапсырма үлгісін құрастырыңыз.

Сыни ойлауды дамытуға арналған жаттығу немесе ситуациялық тапсырма дайындаңыз.

Тақырып 4: Дене шынықтыру сабағында қолдану ерекшеліктері

Тапсырмалар:

Дене шынықтыру сабағына қысқа жоспар құрып, онда рефлексия элементтерін енгізіңіз.

Жұптық немесе топтық жұмысқа арналған тапсырма ойластырыңыз.

Тақырып 5: Практикалық қолдану және бағалау тәсілдері

Тапсырмалар:

Сабакқа арналған бағалау критерийлерін құрастырып, оны талдаңыз.

Өз сабағыңызға рефлексия жасап, қандай өзгеріс енгізуге болатынын көрсетіңіз

VIII. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша оқу нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың білімін, дағдыларын және оларды тәжірибеде қолдану қабілетін анықтауға бағытталған. Бағалау үдерісі курс барысында және курс соңында жүргізіледі.

Курс барысында қалыптастырушы бағалау жүзеге асырылады. Бұл тыңдаушылардың сабақтағы белсенділігі, тапсырмаларды орындауы, өз ойын жеткізе білуі және рефлексия жасау деңгейі арқылы анықталады.

Курс соңында жиынтық бағалау жүргізіледі. Негізгі бағалау түрі – портфолио қорғау.

Бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- 1 метақұзыреттіліктердің мәнін түсіну деңгейі;
- 2 дене шынықтыру сабағын жоспарлау сапасы;
- 3 оқыту әдістерін тиімді және орынды қолдану;
- 4 сабақта рефлексия мен кері байланысты ұйымдастыруы;
- 5 оқушылардың белсенділігін арттыру тәсілдерін қолдануы;
- 6 өз кәсіби қызметіне талдау жасау (рефлексия) қабілеті;
- 7 практикалық тапсырмаларды орындау сапасы;
- 8 инновациялық әдістерді қолдану деңгейі;
- 9 оқу нәтижелерін талдай білуі.

Бағалау барысында ауызша және жазбаша кері байланыс беріледі. Сонымен қатар, өзін-өзі және өзара бағалау элементтері қолданылады.

Қорытынды бағалау нәтижесі тыңдаушының кәсіби қызметінде метақұзыреттіліктерді қолдануға дайындығын көрсетеді.

IX. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау тыңдаушылардың алған білімдерін тәжірибеде тиімді қолдануына және кәсіби қызметін одан әрі жетілдіруіне бағытталған.

Курстан кейінгі кезеңде педагогтерге әдістемелік және консультациялық қолдау көрсетіледі. Қолдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 9 сәуірдегі №137 бұйрығына сәйкес бекітілген «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ посткурстық сүйемелдеу ережелері» негізінде посткурстық сүйемелдеу төмендегідей жүйелі іс-әрекеттерді қамтиды:

1 онлайн және офлайн форматта кеңес беру;

2 мұғалімдердің сабақ жоспарларын талдау және ұсыныстар беру;

3 тәжірибе алмасу мақсатында кәсіби қауымдастықтар ұйымдастыру;

4 метақұзыреттіліктерді дамытуға бағытталған әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;

5 цифрлық құралдарды қолдану бойынша қосымша нұсқаулықтар ұсыну.

Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби дамуын бақылау мақсатында олардың сабақтарына талдау жүргізіліп, кері байланыс беріледі. Қажет болған жағдайда жеке әдістемелік қолдау ұйымдастырылады.

Курстан кейінгі қолдау мұғалімдердің алған білімдерін тұрақты түрде қолдануына, тәжірибесін жетілдіруіне және білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Курс өткеннен кейінгі қолдау

– педагогтердің өткізген сабақтарына талдау жасау;

– оқу процесіне енгізілген өзгерістерді бағалау;

– білім беру сапасының өзгерісін анықтау;

– педагогтердің рефлексия жүргізуіне бағыт беру;

– қажет болған жағдайда жеке әдістемелік қолдау көрсету.

X. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру қағидалары. – Астана, 2025. – 45 б.
2. Қазақстан Республикасы. Білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2023. – 60 б.
3. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Қалыптастырушы бағалау бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Астана, 2021. – 130 б.
4. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселелері. – Астана, 2022. – 210 б.
5. Торайғыров университеті. Дене шынықтыру пәнін оқытудың заманауи әдістері. – Павлодар, 2023. – 180 б.

6. Сейтахметова А.К. Білім берудегі цифрлық трансформация және педагог даярлау. – Алматы, 2022. – 220 б.
7. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика (жаңартылған басылым). – Алматы: Рауан, 2021. – 384 б.
8. Әбдіғапбарова Ұ.М. Цифрлық білім беру ортасын жобалау негіздері. – Алматы, 2023. – 200 б.
9. Жұмабекова А.Т. Дене шынықтыру мұғалімінің кәсіби дамуы және рефлексия. – Алматы, 2022. – 190 б.
10. Бейсенбаева Г.К. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары. – Астана, 2021. – 175 б.

Қосымша әдебиеттер

11. OECD. *Teachers and School Leaders as Lifelong Learners (TALIS 2018, updated report)*. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 120 p.
<https://www.oecd.org/education/talis/>
12. Darling-Hammond L., Hyster M.E., Gardner M. *Effective Teacher Professional Development (updated edition)*. – Palo Alto: Learning Policy Institute, 2022. – 150 p.
<https://learningpolicyinstitute.org>
13. Fullan M. *The Right Drivers for Whole System Success*. – Melbourne: Centre for Strategic Education, 2021. – 80 p.
14. Hattie J. *Visible Learning: The Sequel*. – London: Routledge, 2023. – 400 p.
15. Kirk D. *Precarity, Critical Pedagogy and Physical Education*. – London: Routledge, 2020. – 160 p.